**СОБЛЮДАТЬ ТЕХНИКУ БЕЗОПАСНОСТИ НА ЖЕЛЕЗНОЙ ДОРОГЕ ЖИЗНЕННО ВАЖНО. ЛЮБОЕ ВОЗМОЖНОЕ ПРОИСШЕСТВИЕ ПРОИСХОДИТ ИЗ-ЗА РЯДА МЕЛКИХ ПРИЧИН. ПОЭТОМУ НЕЛЬЗЯ ОТСТУПАТЬ ОТ УСТАНОВЛЕННЫХ ПРАВИЛ ДАЖЕ В МЕЛОЧАХ.**



Асхат САРИЕВ,
директор департамента производственной безопасности и экологии АО «НК «ҚТЖ»


# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

№74 (2682)
14/09/2021


## «МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ» БАЙҚАУЫ: жеңіс тұғырында теміржолшылар әулеті

**Қазақстанда 2013 жылдан бері қыркүйектің екінші жексенбісі Отбасы күні ретінде аталып өтеді. Мақсат – отбасы институтын дамыту мен оның құндылықтарын насихаттау. Осыған орай үлгілі отбасылардың беделін арттырып, құрмет көрсететін «Мерейлі отбасы» республикалық байқауын өткізу дәстүрге айналған. Атыраулық теміржолшылар отбасы биылғы байқаудың жеңімпазы атанды.**

**Ұлан ОРАЗ,**
Нұр-Сұлтан



Құрметті теміржолшы Құрманбек Кенжешов Исатай ауданында тұрады. Жол дистанциясында 44 жыл еңбек етіп, зейнетке шыққан ардагердің өмірлік жары Гүлден Мұхамеджанова да теміржолда еңбек еткен. «1971 жылы әскерден оралған соң теміржолға жұмысқа кірдім. Ганюшкиндегі жол дистанциясында қатардағы жол жөндеуші болып екі жыл еңбек еткен соң басшылар Жамбыл қаласына 11 айлық курсқа жіберіп, білімімді көтеріп келдім. Содан зейнетке шыққанша тынбай тер төгіп, осы саланың отымен кіріп, күлімен шықтық қой, шүкір, абыройсыз болмадық, Құрметті теміржолшы атандым», – дейді отағасы Құрманбек Кенжешов. 4 ұл, 3 қыз тәрбиелеп өсірген ерлі-зайыпты теміржолшылар – бүгінде жиырмаға жуық немере-шөберенің ата-әжесі атанып отырған берекелі де мерекелі үлкен шаңырақ иелері.

«Қайын атам соғысқа қатысқан кісі еді. Тұңғыш немересі өмірге келгенде, қуанышында шек болмады. Ал енеміз мені қызындай көрді, білмегенімді үйретті, ақыл-кеңесін берді. Екеуі де «қайырымды, қарапайым болыңдар, бірлік бар жерде бәрі болады» деп отыратын. Осының бәрі өнеге екен ғой. Қазір мен де келіндерімді қызымдай көремін, енемнен көргенімді жасаймын, айтқанын қайталаймын. Бір үйде екі бала-келінмен бірге тұрамыз», – дейді Гүлден Мұхамеджанова.

Ерлі-зайыпты теміржолшылардың балалары әр салада жұмыс істейді. Әке-шешесінің еңбек жолын ұлдары Асылбек жалғаған. «Теміржолда 2006 жылдан бері вагон қараушы болып жұмыс істеймін. Бұл саланы таңдауыма әке-шешемнің ықпалы болған шығар. Олардың абыройлы еңбек жолын жалғастыру – парызым», – дейді ұлы Асылбек.

Байқауға қатысуға ауылдық округ басшылығы ұсыныс білдірген. Сөйтіп олар аудандағы 8 отбасының арасынан үздік шығып, облыс көлемінде 50 отбасы арасында бақ сынады. Байқауға отбасы туралы деректер мен арнайы түсірілген видео жіберілген. Ақыры өңірден үздік шығып, республикалық байқауға жолдама алған. Биыл онлайн түрде өткен байқаудың ерекшелігі – 17 облыстан қатысқан 17 отбасының бәрі лауреат атанып, бірдей деңгейде бағаланған. Олардың бәрі 10 қыркүйекте Президент әкімшілігі хатшылығымен онлайн түрде тікелей эфирге қосылып, жеңімпаздарды марапаттау рәсімі сол кезде өткізілген. Барлық отбасылар ҚР Президенті атынан Дипломға және бағалы сыйлықтарға ие болған.

*Суретті Атырау әкімдігінің баспасөз қызметі ұсынды*

### ЭКОНОМНЫЙ ПОДХОД

**В Павлодарском отделении дороги запущен пробный проект «Оптимизация удельного расхода дизельного топлива и электроэнергии на тягу поездов». Если он покажет и докажет свою эффективность, то рационализаторское предложение будет внедрено в ТОО «КТЖ-Грузовые перевозки».**

Как рассказал начальник Екибастузского эксплуатационного локомотивного депо и руководитель проекта Амир Такишев, львиная доля расходов на стальной магистрали приходится на топливно-энергетические ресурсы на тягу поездов. Эти затраты зависят от множества факторов. К примеру, один из них – конструкция и состояние верхнего строения пути, влияющая на сопротивление движению поезда. К примеру, техническое состояние эксплуатируемого парка локомотивов и вагонов подвижного состава, устройство и состояние верхнего строения железнодорожного пути.

– Мы не сомневаемся, что этот проект пройдет экспериментальную часть и будет внедрен на всех предприятиях «ТОО КТЖ-Грузовые перевозки», что позволит значительно увеличить доходную часть, – говорит Амир Такишев.

Ключевые задачи проекта: выработка мер по недопущению случаев хищений дизельного топлива, оптимизация и автоматизация технологического процесса экипировки топлива, пересмотр технических норм расхода топливно-энергетических ресурсов на тягу поездов с учетом реальных факторов влияния, внедрение новых передовых и действующих IT-систем и IT-решений, влияющих на учет и экономию топлива и так далее.

– Объективная и технически обоснованная норма позволит планировать затраты топлива и электрической энергии, улучшить организацию эксплуатации, побудить работников железнодорожного транспорта за счет определенных стимулов правильно экономить ресурсы. В процессе перевозочной работы происходит изменение направлений грузопотоков, что приводит к занижению или завышению технических норм к фактическому расходу электроэнергии или дизельного топлива на тягу поездов. При этом предусмотрено трехпроцентное ограничение расхода топливно-энергетических ресурсов по технической норме на тягу поездов, которое способствует исключению изменений, вызванных изменением грузопотока – рассказал Амир Такишев.

Стоит отметить, что в реализации проекта «Оптимизация удельного расхода дизельного топлива и электроэнергии на тягу поездов ТОО «КТЖ-Грузовые перевозки» задействована проектная команда и рабочая группа опытных железнодорожников. Это менеджеры службы нормирования и контроля топливно-энергетических ресурсов Арслан Джумашев и Марат Жаксыбеков, менеджер департамента технологических систем перевозочного процесса Саят Максут, машинист-инструктор локомотивных бригад по теплотехнике Николай Белобородов.

*Айдана ЕРТАЙ*



**Динара САРСЕМБАЕВА,**
«ҚТЖ» ҰК» АҚ адами ресурстарды басқару департаментінің бас менеджері:

«КОМПАНИЯДА ҚАШАН ДА ЖАЛЫНДЫ, ЖАУАПТЫ, КӘСІБИ БІЛІКТІ МАМАНДАРҒА СҰРАНЫС ЖОҒАРЫ. ТЕМІРЖОЛДЫҢ ДАМУЫНА ҮЛЕС ҚОСЫП, КОМПАНИЯ (БЛАГО) ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН НАСИХАТТАЙТЫН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ ҮНЕМІ ҚОЛДАУ КӨРСЕТІЛЕДІ»

### ЦИФРЫ ГОВОРЯТ

СВЫШЕ
**67,7 млн тонн**
КАМЕННОГО УГЛЯ ПЕРЕВЕЗЕНО ЗА 8 МЕСЯЦЕВ 2021 ГОДА

СВЫШЕ
**3 000**
КРИТИЧЕСКИХ УЯЗВИМОСТЕЙ УСТРАНЕНО НА ИНФОРМАЦИОННЫХ РЕСУРСАХ АО «НК «ҚТЖ»

К 1 НОЯБРЯ ТЕКУЩЕГО ГОДА ОКОЛО
**300**
ЕДИНИЦ СНЕГОУБОРОЧНЫХ МАШИН И СНЕГООЧИСТИТЕЛЕЙ БУДЕТ ПОДГОТОВЛЕНО К ЗИМЕ

Сервис

## ВАГОНЫ В НАДЕЖНЫХ РУКАХ

**АО «Қазтеміртранс» (100%-ая дочерняя компания АО «НК «Қазақстан темір жолы»), являясь крупнейшим оператором грузового вагонного парка Казахстана, постоянно работает над тем, чтобы сделать организацию перевозок проще и надежнее.**

**Асель ШАЙХЫНОВА**
Нур-Султан



Стратегия клиентоориентированности требует от КТТ непрерывного улучшения сервиса, а также оптимизации, цифровизации бизнес-процессов. При этом, несмотря на то, что ремонт вагонов стал для компании непрофильной деятельностью, идет строгий анализ и контроль данной сферы.

Так, ремонт вагонов передан в сервисное обслуживание подвижного состава, что позволило КТТ исключить ряд непрофильных функций, оптимизировать штат и минимизировать риск роста нерабочего парка, путем кардинального изменения подхода к организации ремонта вагонов.

Суть сервисного обслуживания заключается в том, что КТТ платит за техническое содержание вагонов в виде суточной ставки только за рабочий день рабочего вагона. Таким образом, сервисная компания заинтересована в оперативном ремонте и в качестве, чтобы обеспечить непрерывную «боевую готовность» вагонов заказчика.

Данный подход исключил необходимость КТТ проводить закуп, хранение и логистику запчастей.

С января 2020 года по настоящее время плановые виды ремонта грузовых вагонов собственности АО «Қазтеміртранс» осуществляются сервисной компанией, согласно заключенному договору на ремонт вагонов.

В целом за первое полугодие 2021 года плановыми видами ремонта отремонтировано свыше 4,8 тыс. вагонов. При этом выполнение объемов ремонта вагонов по плану капитальных вложений составило 117%, на 34 вагона больше по сравнению с предыдущим годом. Фактически капитальным ремонтом отремонтировано в 2021 году на 9% больше вагонов, чем в 2020 году.

При этом, основную часть подвижного состава АО «Қазтеміртранс» составляют полувагоны, крытые, универсальные платформы и прочие вагоны. Основная же доля перевозимых грузов в вагонах АО «Қазтеміртранс» большей частью представляет собой массовые насыпные грузы, такие как уголь, зерно, мука и продукты перемола, руда, минеральные удобрения и цемент.

Деловыми партнерами АО «Қазтеміртранс» в сфере грузоперевозок являются крупнейшие транспортные и логистические предприятия, заводы-производители, добывающие компании, предприятия малого и среднего бизнеса.

Парк вагонов АО «Казтеміртранс» на август текущего года составил свыше 42 тыс. вагонов. Средний износ парка вагонов составляет более 54%.

С целью обеспечения грузоотправителей потребным количеством исправного подвижного состава пополнение парка грузовых вагонов в этом году осуществляется за счет приобретения полувагонов в лизинг. На конец августа уже произведена поставка 850 полувагонов. В сентябре текущего года планируется поставка еще 150 вагонов.

*Фото автора*

## КОНТЕЙНЕРЛІК ТРАНЗИТ ТИІМДІЛІГІ

**Бүгінде бүкіл әлем контейнер тасымалына ден қойған. Контейнерлік пойыздар транзиті тиімді, бюджетті еселейтін, бірегей кіріс көзі саналады. Сондықтан трансшекаралық аймақта орын тепкен Семей жүк тасымалы бөлімшесі транзиттік пойыздар қозғалысын реттеуге баса мән беріп отыр.**

**Қуаныш ҚОЖАЕВ,**
Семей



Осыған дейін шығыстағы теміржолшылар бір жыл ішінде әр контейнері 40 тоннаны құрайтын 500-ден аса транзитті пойыздарды іркіліссіз өткізіп келді. Алайда соңғы 8 айдың қорытындысы қазіргі мүмкіндік бұрынғыдан да жоғарылай түскенін нақтылап отыр. Себебі, жоспарлы шаралар артығымен орындалып, нәтиже бірден жоғарылаған. Оған Ресейдің Сібір бөлігінен Орталық Азияға контейнер түріндегі жүк тасымалының соңғы жылдары еселеп артуы ықпал етуде. Ресей мен Қытай елдері арасындағы жүк дәлізі саналатын Семей ЖТ бөлімшесінде жүк тасымалының бұл түрі ерекше назарға алуды талап етеді.

– Өткен 8 айдың көрсеткіші бойынша 551 контейнерлік пойыздарды қабылдап алып, жөнелттік. Орташа жылдамдығы 330,3 шақырым/сағатты құрайды. Карантиндік шектеулер қыспаққа алған былтырғы жылы 9 айдың ішінде бөлімше бойынша 546 контейнерлік сапарға шыққан болатын. Айырмашылықты бірден байқауға болады. Транзиттік жүк тасымалы пандемиядан сауығып келеді. Алда әлі 4 айдың қорытындысы бар екенін ескерсек, бұл көрсеткіш жыл соңына дейін еселене түседі деген сөз, – дейді Семей ЖТ бөлімшесінің шұғыл басқару бөлімінің бастығы Қайрат Ибраев.

Транзит ағыны негізінен Ресейдің Батыс-Сібір бөлімшесі аумағында орын тепкен Семей ЖТ бөлімшесінің Локоть станциясымен ҚХР-мен шектесетін Достық станциясы аралығында, қос бағытта орын алуда.

Бір айта кетер жайт, контейнерлік пойыздардың тәуліктік жүру жылдамдығы да жоғарылатылған. Дегенмен астық тасымалы мен көмір жөнелту қарқын алғандықтан бұл мәселені алдағы уақытта қарастыру қажет етілмек.

*Суретті түсірген автор*

## АТЫРАУЛЫҚТАР КӨМЕГІ

**Айсұлтан АРМАН,**
Маңғыстау

ИГІЛІК

**Маңғыстауға оңтүстік пен солтүстіктегі ағайыннан ала жаздай талай вагон жем-шөп жеткізілгенін жаздық.**



Биылғы құрғақшылық қысқан түбек шаруаларына қолдау әлі де жалғасып жатыр. Атырау өңірлерінің климаты да Маңғыстауға ұқсас болуына қарамастан мұнайлы өңірдің халқы да қарап қалмай, жуырда екі вагон тегін шөп жеткізілді. Атыраудың Махамбет және Құрманғазы ауданынан маңғыстаулықтарға жіберілген сәлемдеме Маңғыстау станциясына түсіріліп, шаруаларға таратылды. Жергілікті тұрғындар қиын кезде қол ұшын созып жатқан халыққа алғыстан басқа айтары жоқ. Атыраулық ағайынның қолдауына риза болған олар арнайы видео жолдап, ықыластарын білдірді.

*Суретті түсірген автор*

## КӨПШІЛІК ВАГОНСЫЗ ҚАТЫНАЙДЫ

**Ұлан ОРАЗ,**
Нұр-Сұлтан

ҚАУЛЫ

**ҚР Бас санитар дәрігері Ерлан Қиясовтың жаңа қаулысы бойынша жолаушы пойыздарынан «жалпы» вагондар алынып тасталады.**

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ жолаушылар пойыздарының құрамында жалпы вагондарды жасақтауды болдырмасын» деп жазылған жаңа қаулыда. Сондай-ақ құжат бойынша облыстарда, Алматы, Нұр-Сұлтан, Шымкент қалаларында осы қаулымен бірге берілген №1 және №2 қосымшалардағы тізімге енбеген объектілердің қызметін де қайта бастау тапсырылған.

«Облыстардың, Алматы, Нұр-Сұлтан, Шымкент қалаларының, көліктегі Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерлер, Қорғаныс министрлігінің, ұлттық қауіпсіздік және ішкі істер органдарының, ҚР Президенті Іс Басқармасы ведомстволарының халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшелерінің басшылары қалыптасқан эпидемиологиялық жағдайға байланысты, тәуекелі жоғары аймақта (қызыл аймақ) орналасқан карантиндік шараларды қатаңдату туралы шешім қабылдауға құқылы» делінген қаулыда.

Ал облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының бас мемлекеттік санитар дәрігерлеріне «жасыл» және «сары» аймақтарда орналасқан өңірлерде карантиндік шараларды қатаңдату туралы шешім қабылдау құқығы берілмейтін болды. Қаулы 13 қыркүйекте сағат 00.00-де күшіне енді.

## ТЕРГЕУ БАСТАЛДЫ

**Ардақ ЕРУБАЕВА,**
Ақтөбе

ОҚЫС ОҚИҒА

**Ақтөбе облысы Шоқысу станциясында жүк кранынан зақым алған жолаушылар пойызына қатысты тергеу басталды. Оқыс оқиғаға байланысты құзырлы органдардан комиссия құрылып, анықтау, зерттеу жұмыстары жүргізіліп жатыр.**



Ақтөбе жол бөлімшесінің «Сексеуіл-Шалқар» станциясы аумағында болған оқиға 9 қыркүйек күні сағат 10:19 минутта тіркелді. №2804 жүк пойызының 26-шы вагонына тиелген кран жебесі қозғалып кетіп, келесі жолдағы жолаушылар пойызының локомотиві мен вагондарын жеңіл сырып өткен. Нәтижесінде қарсы жолмен келе жатқан Тальгоның бірнеше вагонына зақым келді.

«Оқиға кезінде бірінші жолдағы №77 «Алматы-2 – Маңғыстау» бағытындағы жолаушылар пойызының 11 вагонына зақым келді. Жолаушылар пойызында барлығы 18 вагон болған. Бір қуантарлығы, жолаушылар арасында зардап шеккендер жоқ», – дейді Ақтөбе ЖТ бөлімшесі қозғалыс қауіпсіздігі қызметінің бас маманы Т.Байкунчеков.

# Электрмен жабдықтау

## БАСТЫ НАЗАРДА – БАЙЛАНЫС ЖЕЛІСІ

**Шымкент электрмен жабдықтау дистанциясы қозғалыс қауіпсіздігін бұзуға жол бермеу бағытында біраз жұмыс атқарды. Басты назар байланыс желісіне аударылды.**

**Жан ПЕРДЕБЕК,**
Шымкент

Вагон зертханасымен байланыс желісінің параметрлерін өлшеу және көзбен шолып қарап шығу жұмыстары орындалды. Өткен жылмен салыстырғанда балдық баға 0,1 балға төмендеген.

Сонымен қатар қашықтықта пойыздар қозғалысы мен қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету, еңбекті қорғау және жеке нормативтерді орындау мәселелері бойынша ай сайын техникалық-экономикалық кеңестер өткізіліп тұрды. Бұдан бөлек, электрмен жабдықтау құрылғыларының сенімділігін арттыру жөніндегі іс-шаралардың орындалуына бақылау орнатылды. Ай сайын қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында ұйымдастыру іс-шаралары жоспарының барлық тармақтары орындалды. Қозғалыс қауіпсіздігінің нашарлауына жол берген цех басшылары тыңдалды.



«Электрмен жабдықтау шаруашылығы құрылғыларының сенімділігін арттыру жоспарына сәйкес, байланыс желісі бойынша 340 км ағымдық жөндеу орындалды. 3000 дана фарфор оқшаулағышына диагностика жасалды. Байланыс желісінің 450 дана тозған тіреуіш ішектерін ауыстырдық. КС-059-1 түйісу қысқыштарын кабельді желіге ауыстырдық. Бес тіректің негізін күшейттік. АБ және ДПР желісіндегі ОМ, ЗНОМ трансформаторларын жөндеуден өткіздік. Осы жылдың алты айында пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін бұзу және нормативтің жеке қатысуын орындау бойынша басшылық құрамға 5 тәртіптік жаза (1 сөгіс, 4 ескерту) қолданылды. Ал дистанция қызметкерлеріне 32 тәртіптік жаза (20 сөгіс, 4 қатаң сөгіс, 8 ескерту) жарияланды», – деді Шымкент электрмен жабдықтау дистанциясының басшысы Рауан Сүлейменов.

Биыл жаз айларында «Байланыс сымы – тоққабылдағыш» айлығы өткізілді. Айлық аясында тоққабылдағыштардың жай-күйін, көмір ендірмелерінің тозуын, тоққабылдағыштардың байланыс сымына рұқсат етілген басылуын тексеру кестесі жасалды. ТЧЭ өкілдерімен бірлесіп KZ тоққабылдағыштарына тексеру жүргізілді. Бекітілген учаскелердің бастықтары байланыс желісінің құрылғыларын қарап, Тальго бойынша сынақтар мен нұсқаулықтарды қабылдады. Тартқыш қосалқы станциялардың бастықтары мен ауысымдық кезекшілері фидерлердің кернеу деңгейін бақылады. Арыс электровоздарының тоққабылдағыштарын, бекітілген учаскелер бойынша тексеру арқылы айналма жолдарды тексерудің жүргізілуіне диспетчерлік бақылау орнатылды. Сондай-ақ, Түлкібас-Арыс-Сарыағаш электрлендірілген учаскесі байланыс желісінің параметрлерін тексере отырып, АДМ автомотрисасында бақылау сапарлары ұйымдастырылды.

*Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*

## СЫН ТҮЗЕЛМЕЙ, МІН ТҮЗЕЛМЕС...

АЙЛЫҚ

**Теміржолшыларды тағы бір рет ширата түскен айлық жақында ғана аяқталды. «Станциядағы маневрлік жұмыс» айлығы жұмыс орындарына аңдатпалар ілініп, маневрлік жұмыс кезінде орын алған қозғалыс қауіпсіздігінің бұзылу себеп-салдары түсіндіріліп, нұсқаулық өткізуден басталды.**

**Шахида ЖҰМАН,**
Маңғыстау

Сондай-ақ осы тақырыпқа арналған техникалық сабақтар өтті, теміржолшылар жұмысына тосыннан тексерістер жүргізілді. Жоспардан тыс тексерістерді станция бастығы Бейнеу станциясының А паркінен бастады.

– Теміржол титтей де қателікті кешірмейді, оның арты апатты жағдайларға соқтыруы мүмкін. Сондықтан теміржолшының қателесуіне болмайды. Соңғы кездері елімізде, шетелдерде болып жатқан оқыс оқиғалардан әр теміржолшы ой түйіп, өзінше қорытынды шығаруы тиіс. Себепсізден себепсіз теміржолда апат болмайды. Әр нәрсенің бір себебі бар. Сондықтан мына айлық шеңберінде жүзеге асырылған жұмыстар, өз міндетін орындау барысында кемшілікке бой алдырған қызметкерлерге шара қолданылып, тәртіптік жазаға тартылуы басқаларға да сабақ болары сөзсіз. Ол адам алдағы уақытта ондай жағдайды қайталамайтын болады, – дейді бұл туралы ақпарат берген Бейнеу станциясының бастығы Есет Хайруллин.





Айлық кезінде басшылықтың назарына іліккен қателіктерге тоқталсақ, пойыз құрастырушылардың техника қауіпсіздігінің 3.15 бөлімінің 15-тармағын, белгі берушінің 2.19 бөлімнің 8-тармағын бұзуы және маневрлік жұмыс кезінде сөйлесу регламентінің сақталмау деректері бірнеше рет қайталанған. Сонымен қатар машинистердің №523-ЦЗ бұйрығының 2 бөлім 2-тармағын, 4 бөлім 5 және 6-тармағын бұзғаны анықталған.

*Суреттерді түсірген автор*

## ҚАУІПТІ АУМАҚТЫҢ ӨЗ ЕРЕЖЕСІ БАР

ҚҰЛАҚҚАҒЫС

**Аса қауіпті аймақ саналатын теміржол бойындағы қауіпсіздік қай кезде де өткір болды. Бірақ соңғы жылдары ол ең өзекті мәселеге айналды. Себебі, теміржол бойы шоғырланған қалың елге, малға толып, қауіп-қатер арта түсті.**

Егер, теміржол бойында адам басу, мал басу, немесе бөгде адамдардың байланыс желілеріне, құрылғыларына зақым келтіруі, жүйені бүлдіруі, қолды етуге ұмтылуы, өзге де нысандарға зиян келтіруге талпынуы ілуде бір кездесетін оқыс оқиға болса, бүгінде күн сайын қайталанып жататын қалыпты жағдайға айналды, күнде түрлі оқиғалар тіркеліп, жергілікті құзырлы органдар тарапынан қылмыстық жауапкершілікке тартылуда. Жол бойында осындай зиянды, қаскөйлік әрекеттердің орын алмауы үшін теміржолшылар өз қызметтік міндеттеріне қосымша міндет жүктеп алған, халыққа теміржол – қатаң қорғалып, бақылауға алынған аумақ екенін, қауіпті аймақ екенін түсіндіріп, баспасөз арқылы ескерту жасап, одан қалды ауыл-ауылды аралап, мектеп оқушыларымен кездесіп, теміржол бойында барлық ережені, сақтық шараларын сақтауға шақырудан жалығар емес. Бірақ, қанша айлық өткізіп, рейд ұйымдастырып жатқан теміржолшылар еңбегі елеусіз қалып отырғаны өкінішті. Апатты жағдайлар, оқыс оқиғалар тыйылар емес...

Қызылорда магистральдық желі бөлімшесіне қарасты Қызылорда белгі беру және байланыс дистанциясының теміржолшылары халыққа тағы да ескертеді: теміржолды бойлай байланыс құрылғыларының жүйесі, кабельдер жүргізілген және де бұл аумақтарда жер қазу, құрылғылармен жұмыс жасауға тыйым салынғанын ескертетін белгілер орналастырылған, бақылауға алынған және тек арнайы рұқсатнама негізінде ғана бұл аумаққа жақындауға болады. Аталған учаскеде қандай да бір жұмыс жасалатын жағдайда алдын ала, кемі үш тәулік бұрын, Қызылорда белгі беру және байланыс дистанциясына ескерту берілуі тиіс. Және де жұмыстың ҚР телекоммуникациялық жүйесі аумағында жүргізілетінін ескеріп, жұмысшыларға арнайы инструкция жасалуы керек. Сонымен қатар ол аумақта механизмдердің, ұрғылайтын құралдардың қолданылмауы назарға алынып, жұмыс барысына дистанция өкілі қатыстырылуы шарт.

> АТАЛҒАН УЧАСКЕДЕ ҚАНДАЙ ДА БІР ЖҰМЫС ЖАСАЛАТЫН ЖАҒДАЙДА АЛДЫН АЛА, КЕМІ ҮШ ТӘУЛІК БҰРЫН, ҚЫЗЫЛОРДА БЕЛГІ БЕРУ ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС ДИСТАНЦИЯСЫНА ЕСКЕРТУ БЕРІЛУІ ТИІС. ЖӘНЕ ДЕ ЖҰМЫСТЫҢ ҚР ТЕЛЕКОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ЖҮЙЕСІ АУМАҒЫНДА ЖҮРГІЗІЛЕТІНІН ЕСКЕРІП, ЖҰМЫСШЫЛАРҒА АРНАЙЫ ИНСТРУКЦИЯ ЖАСАЛУЫ КЕРЕК. СОНЫМЕН ҚАТАР ОЛ АУМАҚТА МЕХАНИЗМДЕРДІҢ, ҰРҒЫЛАЙТЫН ҚҰРАЛДАРДЫҢ ҚОЛДАНЫЛМАУЫ НАЗАРҒА АЛЫНЫП, ЖҰМЫС БАРЫСЫНА ДИСТАНЦИЯ ӨКІЛІ ҚАТЫСТЫРЫЛУЫ ШАРТ.

Жол төсеміне зақым келтіруге, жер қазатын, жүк көтеретін механизмдерді магистральдық желі жүйесіне жақын орналастыруға тыйым салынады. Егер мұқтаж болған жағдайда кабель желісі үстімен механизм, техника өткізілетін болса қосымша топырақ салынып немесе темірбетон төселуі тиіс. Егер жер асты, жер үсті желілері төселетін жағдайда қосымша техникалық келісімдер алынуы керек.

Дистанция телімдерінде биыл ұрлық-қарлық оқиғасы тіркелмегенмен, бұрнағы жылдары байланыс желілеріне зиян келтіріліп, құзырлы органдар тарапынан кінәлілер қылмыстық жауапкершілікке тартылды. Осыған орай осы айтылған талап-ескертудің барлығы ҚР «Байланыс жайлы» 2004 жылғы №567 заңы, ҚР Үкіметінің 2011 жылғы №1689 «ҚР коммуникация жүйелерін сақтау ережелері, қорғау аймағында жұмыс жүргізу тәртібі» жайлы шешімімен заңды қорғауға алынғанын және байланыс кабельдеріне зақым келтірген кез келген азамат ҚР Қылмыстық Кодексінің 398-бабы бойынша қылмыстық жауапқа тартылатынын қатаң ескертеміз. Қауіпті аумақтың осындай өз ережесі бар екенін әрбір азамат ескергені жөн.

**Әкімжан ҚОСАНОВ,**
Қызылорда белгі беру және байланыс дистанциясының бастығы

№74 (2682) 14/09/2021

# ОСЕНЬ ПРИНИМАЕТ ЭКЗАМЕН

ОСМОТР

**в Алматинском регионе 13 сентября начался осенний комиссионный осмотр. В течение 20 дней руководство отделения грузовых перевозок, магистральной сети, ревизорский аппарат проделают немалый путь на автомотрисах, проверив все подразделения и участки, оценив положение дел, работу станций, разъездов и структурных подразделений.**

**Елена КОЛДАСБАЕВА,**
Алматы



В этот раз комиссионный осмотр начнется со станции Достык. Проверке подлежат объекты инфраструктуры, состояние технических средств, содержание железнодорожных путей, обеспечение безопасности движения на железной дороге. Отдельным моментом проверки станет – подготовка предприятий к зимнему периоду, обучение первозимников.

В ходе осмотра повышенное внимание уделяется и техническому состоянию локомотивов, их готовности работы в зимний период, немаловажный момент-укомплектованность предприятий кадрами.

Проверит комиссия и фактическое положение дел по подготовке средств снегоборьбы, выполнение ремонтных работ. В ходе осмотра оценивается также состояние объектов магистральной сети, наличие и действие пожарно-охранной сигнализации, объектов водо и теплоснабжения.

Присутствие в комиссии профсоюзных работников предусматривает проверку социальных вопросов, одним из которых ставится выполнение администрацией пунктов Коллективного договора. На таких крупных станциях, как Отар, Достык, Актогай, Матай, Уштобе и Алтынколь пройдут узловые совещания со всеми причастными службами.

> В ХОДЕ ОСМОТРА ПОВЫШЕННОЕ ВНИМАНИЕ УДЕЛЯЕТСЯ И ТЕХНИЧЕСКОМУ СОСТОЯНИЮ ЛОКОМОТИВОВ, ИХ ГОТОВНОСТИ РАБОТЫ В ЗИМНИЙ ПЕРИОД, НЕМАЛОВАЖНЫЙ МОМЕНТ- УКОМПЛЕКТОВАННОСТЬ ПРЕДПРИЯТИЙ КАДРАМИ.

По итогам осеннего осмотра состоится расширенное совещание по выявленным замечаниям и нарушениям по всем хозяйствам, а также будут определены лучшие предприятия, станции, структурные подразделения.

*Фото автора*

# БЕСПЕРЕБОЙНЫЙ ГРУЗООБОРОТ

ПЕРЕВОЗКИ

**На важных участках Шубарколь-Аркалык и Жезказган –Косколь Карагандинского региона осуществляется бесперебойная погрузка социально-значимого груза.**



**Светлана МОГАЙ,**
Караганда

В настоящее время грузооборот на первом участке составляет 490 000 000 тонн – сюда входят различные виды грузов. Что касается погрузки, то она исчисляется более 40 тысячами вагонами. На втором участке грузооборот угля составляет 1 095 800 000 тонн, а погрузка около 24 тысяч вагонов или 1 682 000 тонн. Об этом сообщил начальник оперативного отдела Карагандинского отделения ГП Жанат Жумашев.

– Станция Косколь – крупный железнодорожный объект с локомотивным оборотным депо. Станция дислоцируется на линии Жезказган – Саксаульская, – отметил Жанат Жумашев.

Сегодня технические операции перевозочного процесса действуют на 6 обновленных станциях примыкания – Аркалык, Шубарколь, Жезказган, Саксаульская, Шалкар, Бейнеу. Запущенные 7 лет назад железнодорожные линии значительно повышают транзитный потенциал и позволяют существенно сократить расстояния транспортировок грузов с запада на восток и с севера на юг Казахстана, расширяют транзитные возможности нашей страны.

Напомним, первым этапом проекта Жезказган-Бейнеу стало строительство железной дороги на участке Жезказган-Саксаульская протяженностью 517 километров, в том числе 374 километров по территории Карагандинского региона. Протяженность же железной дороги Аркалык - Шубарколь составляет 214 километров. Реализация этих проектов позволила сократить время доставки грузов более чем в 3 раза.

*Фото автора*

# ОСТОРОЖНО: БЕСХОЗНЫЙ СКОТ!

БЕЗОПАСНОСТЬ

**Почти в половине случаев экстренных торможений по Оскеменскому эксплуатационному локомотивному депо, допущенных в августе, удалось предотвратить наезд на скот.**

**Ольга УШАКОВА,**
Усть-Каменогорск

В течение последнего месяца лета этого года допущено 11 случаев применения экстренного торможения поезда. Из них в пяти случаях локомотивные бригады избежали наезда на домашний скот - на перегонах Екаша-Айыртау, Таусамалы – Күмістау, Таусамалы – Ермаковка, Ново-Усть-Каменогорск – Ермаковка, Улан - Айыртау. Еще в двух случаях наезда на скот не удалось предотвратить. Это перегоны Черемшанка-Тишинская, Күмістау-Таусамалы.

В одном случае был предотвращен наезд на транспорт. Это произошло в районе станции Оскемен-1.

Еще в одном случае причиной экстренного торможения поезда стал наезд на дерево – на перегоне Тишинская-Черемшанка.

В двух случаях удалось предотвратить наезд на человека – на перегонах Оскемен-1-Коршуново, на станции Усть-Каменогорск.

Для сравнения, в течение августа прошлого года был зарегистрирован 21 случай применения экстренного торможения поезда.

За 8 месяцев 2021 года допущено 72 случая применения экстренного торможения поезда. Из них в одном случае произошел наезд на транспорт; в четырех – предотвращен наезд на транспорт. Зафиксировано 9 случаев наезда на скот и 5 – на человека. В 20 случаях удалось предотвратить наезды на людей, еще 25 случаев - это недопущение наезда на скот.

В течение 8 месяцев 2020 года произошел 71 случай применения экстренного торможения поезда.

# ПРОБЛЕМ С ОБЕСПЕЧЕНИЕМ НЕТ

**Жанара ЖУСУПОВА,**
Павлодар

СОЦИУМ

**На станции Павлодар на 98% подготовлена спецодежда к холодному периоду. Осенью железнодорожники ждут поставку недостающих элементов экипировки.**

Как сообщила инженер-технолог по охране труда и безопасности на станции Павлодар Гузель Жандилдашева, сейчас зимней одеждой обеспечены практически все железнодорожники, в том числе средствами индивидуальной защиты. Это шапки-ушанки со звукопроводными вставками – 368 штук, рукавицы утепленные – 368 пар, шапки трикотажные – 100 штук, сапоги утепленные или валенки с резиновым низом – 368, костюмы для защиты от пониженных температур – 368 штук.

– Зимнюю одежду начали получать еще в июле, поставки еще будут. Каких-либо проблем с обеспечением нет, только больших размеров не бывает, у работников разное телосложение и размер обуви. Об этом мы в обязательном порядке сообщаем руководству для дальнейшего решения вопроса. Со следующего года этот процесс будет автоматизирован. Это значит, что мы в специальной программе будем вводить все данные работников (размер обуви, одежды и так далее). Лишних комплектов не будет, как и проблем с обеспечением экипировкой сотрудников с нестандартным телосложением, – рассказала Гузель Жандилдашева.

К слову, сегодня на станции Павлодар продолжается обучение по промышленной безопасности, охране труда, но только в режиме «онлайн». С новыми работниками проводится отдельное обучение и инструктаж перед каждым выходом на вверенную территорию.

# ПОЖАР. ВЗГЛЯД ИЗНУТРИ.

**Аслан КУДАБАЕВ,**
Костанай

УЧЕНИЯ

**В Костанайском регионе прошли пожарно-тактические учения по условному тушению очага возгорания в полосе отвода на станции Кушмурун.**



Тренировочные мероприятия проводились с привлечением пожарного поезда станции Кушмурун, подразделений ГУ «Служба пожаротушения и аварийно-спасательных работ» ДЧС Костанайской области, формирований звеньев гражданской защиты станции Кушмурун.

В полосе отвода учения проводились неспроста. В данный период это место наиболее опасное на железной дороге в плане противопожарной безопасности. И оперативные действия по тушению возгораний в аналогичных ситуациях – одна из важнейших забот железнодорожных огнеборцев.

Как сообщил начальник негосударственной железнодорожной противопожарной службы Султан Смамбаев, по тактическому замыслу, в результате неосторожного обращения с огнем сторонних лиц произошло возгорание в полосе отвода на станции Кушмурун. По сигналу, на место происшествия немедленно прибыли противопожарные железнодорожные подразделения, а также пожарный поезд. Благодаря слаженным, оперативным действиям, огнеборцам удалось быстро локализовать, а затем и потушить пламя. За что они и получили положительную оценку по итогам учений.

– Цель учений, – говорит Султан Смамбаев, – проверка готовности формирований привлекаемых для тушения пожаров. Обучение охватило и организацию тушения пожара в сложных условиях, управление личным составом при работе в боевой обстановке.

*Фото автора*

# ИЗВЕЩЕНИЕ О ТОРГАХ

Акционерное общество «KTZ Express» (далее – АО «KTZ Express») объявляет о проведении электронных торгов по продаже имущества АО «KTZ Express», которые начнутся 28 сентября 2021 года, 11ч:00м (время Нур-Султана) на веб – портале Реестра государственного имущества www.gosreestr.kz.

Реализация Имущества осуществляется в соответствии с Правилами реализации имущества АО «KTZ Express», утвержденным решением Совета директоров АО «KTZ Express» (протокол от 10 января 2018 года №1) (далее – Правила) и Регламентом проведения электронных торгов по продаже имущества на веб – портале реестра государственного имущества, утвержденным решением Совета директоров АО «Информационно – учетный центр» (протокол от 23 мая 2014 года №66) (далее – Регламент).

**На аукцион на повышение цены выставляются следующие Имущества:**

| № п/п | Наименование | Регистрационный номер | начальная стоимость | стартовая стоимость | гарантийный взнос |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Chevrolet Captiva | 817CN01 | 6 722 645 | 6 722 645 | 1 008 397 |

Регистрация участников торгов на веб – портале реестра со дня публикации извещения на веб – портале реестра и заканчивается за два часа до начала торгов.

Для регистрации в качестве участника торгов необходимо на веб-портале реестра зарегистрировать заявку на участие в торгах по форме, согласно приложению к Регламенту, подписанную ЭЦП участника.

Торги в форме аукциона методом на повышение цены.

Гарантийные взносы вносятся на счет АО «Информационно – учетный центр»: БИН: 050540004455, БИК: KZKOKZKX, ИИК: KZ 529261501102032004, АО «Народный Банк». Назначение платежа: гарантийный взнос для участия в электронном аукционе (в размер гарантийного взноса оплата банковских услуг не входит).

Банковская гарантия в качестве гарантийного взноса не принимается.

С целью своевременного поступления гарантийных взносов на счет АО «Информационно – учетный центр» рекомендуется оплатить гарантийный взнос не позднее трех дней до окончания приема заявок.

Протокол о результатах торгов формируется веб – порталом реестра, подписывается с использованием ЭЦП продавцом и победителем торгов в день проведения торгов.

В случае не подписания участником, победившем в торгах, протокола о результатах торгов гарантийный взнос не возвращается.

Победителем считается участник предложивщий наиболее высокую цену за Имущества и подписавщий протокол об итогах торгов.

Протокол о результатах торгов является документом, фиксирующим результаты аукциона и обязательства победителя и продавца подписать договор купли – продажи Имущества по цене продажи.

Договор купли – продажи с победителем подписывается в срок не более десяти календарных дней со дня подведения итогов торгов веб – порталом реестра.

Победитель обязан произвести за свой счет все расходы, связанные с куплей-продажей Имущества, включая, но не ограничиваясь, расходы по регистрации Имущества и уплату соответствующих налогов и других платежей в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Победитель подписавая протокол об итогах торгов подтверждает, что на момент покупки Объекта он полностью ознакомлен и согласен с техническим состоянием Объекта и его недостатками.

Победитель согласен с тем, что недостатки Объекта возмещению не подлежат и Продавец не несет никакой ответственности за любые недостатки Объекта.

Победитель обязуется не предъявлять требования к Продавцу по вопросу качества, комплектности Объекта.

С положениями о порядке проведения Электронного аукциона, порядке оформления участия в торгах, об условиях определения Победителя можно ознакомится в Правилах и Регламенте, которые находятся в публичном доступе на сайтах АО «KTZ Express» www.ktze.kz и АО «Информационно – учетный центр» www.gosreestr.kz.

**Дополнительную информацию можно получить по телефонам 87710838734 (АО «KTZ Express»), г. Нур-Султан, Дінмұхамед Қонаев,10 и 8-7172-55 29 81 (АО «ИУЦ»), г.Нур-Султан, ул.А.Жубанова, д.16, 4 этаж.**

# ГАРМОНИЯ В РАБОТЕ И В СЕМЬЕ

ДИНАСТИЯ

**У начальника Карагандинского отряда негосударственной противопожарной службы Серикбая Ещанова опыт работы в ҚТЖ составляет более 40 лет. А общий трудовой стаж династии железнодорожников семьи Ещановых превысил 100 лет.**



**Светлана МОГАЙ,**
Караганда

Пройдя нелегкий путь от ученика слесаря вагонного депо до старшего осмотрщика вагонов, он принимает решение поменять профиль работы на военизированный. По словам Серикбая Ещанова крепкую закалку, которая по сей день ему помогает в жизни, он получил в армии. Суровый заполярный климат в Мурманской области, где практически нет лета, и жесткий военный режим сделали из него настоящего мужчину готового преодолевать любые препятствия на своем пути.

– После службы в армии я устроился работать на шахту. Там я дважды получал травмы и тогда мой шурин дал совет перейти на железную дорогу, так как там безопаснее, чем под землей. И ему не нужна сестра – вдова. Так я и сделал, – рассказывает Серикбай Ещанов. – Учеником слесаря я проработал 3 месяца. Работа находилась от дома недалеко. Однако, в мои планы входила дальнейшая самореализация и саморазвитие. Мне хотелось дальше расти и двигаться по ступенькам вверх.

Спустя несколько лет Серикбай Ещанов стал старшим осмотрщиком станции Жанааул. А в 1993 году устроился работать в Карагандинский отряд военизированной охраны старшим стрелком по приему и охране грузов, где проработал 5 лет.

Целеустремленный, добросовестный, молодой сотрудник не оставался незамеченным и его назначили на должность начальника Карагандинского отряда противопожарной службы филиала АО «НК» КТЖ»-«Карагандинское отделение магистральной сети».

В 2016 году Серикбай Ещанов становится начальником Карагандинского отряда негосударственной противопожарной службы. А в этом году в канун празднования профессионального праздника его наградили Знаком «Почетный железнодорожник».

Эстафету отца принял и средний сын Айдос, который трудится начальником ПТО «Север». Молодой человек продолжил трудовую династию железнодорожников в третьем поколении. Старшая дочь Меруерт работает в акимате Бухар-жырауского района поселка Габидена Мусрепова Карагандинской области, младший сын Азамат выбрал профессию адвоката. Вместе с супругой они воспитали замечательных детей, которыми от души гордятся.

Как отметил наш герой, успех в жизни наступает в случае удовлетворения от достигнутой цели… Но он не намерен останавливаться на полпути, ведь как сказал известный французский писатель Оноре де Бальзак, «…чтобы дойти до цели, надо идти».

*Фото автора*

## Жеңіс

# ЖОБА ЖАЛҒАСУДА

**«Самұрық-Қазына» АҚ әлеуметтік жобалар корпоративтік қорының «Жеңіс» жобасы әлі жалғасуда. Жобаның Қазақстан бойынша 35 жерде өңірлік үйлестірушісі бар. Олар өз командасындағы еріктілермен үздіксіз жұмыс істеп жатыр.**




**Ұлан ОРАЗ,**
Нұр-Сұлтан

Жобаның Достық станциясы орналасқан Алакөл ауданы бойынша аймақтық үйлестірушісі, теміржолшы Батыржан Ахметжановтың айтуынша, станция теміржолшыларынан іріктелген еріктілер былтырдан бері аудандағы 65 тыл ардагеріне нақты көмек көрсеткен.

– Біз Үшарал, Бескөл, Бұлақты, Қайнар, Жайпақ ауылдарын аралап, тыл ардагерлеріне көмек көрсетудеміз. Оның ішінде азық-түлік, дәрі-дәрмек, керекті тұрмыстық техникаларды апарып береміз. Соған қоса үй шаруасына қажет отын-көмір тасып, бау-бақша, аула, қоршауларын реттеуге көмектесеміз. Бескөлдің өзінде 15 адам волонтер болсақ, соның көбі – теміржолшылар. Достық станциясынан, ВЧД-26, ШЧ-31 мекемелерінен, Бескөл бекетінен әріптестер волонтер болып қатарымызға қосылып, қоғамға пайдасын тигізуде, – дейді ол.

Теміржолшылар 40 тыл ардагерін өз қамқорлығына алған еді, оған қосымша жақында көмекке аса зәру деген тағы 25 адамды қосып алған. Бүгінде осы бағытта барлық әлеуметтік жұмыстарды үйлестіріп жүрген Батыржан Ахметжанов Достық станциясындағы өндірістік қауіпсіздік және экология секторын басқарады.

*Суретті түсірген автор*

## Кадр саясаты

# КОЛЛЕДЖ ТҮЛЕКТЕРІ ЖҰМЫС ТАППАЙ ЖҮР...

**Тоқсан жылдық тарихы бар Жамбыл теміржол көлігі және коммуникация колледжі туралы газетіміздің өткен санында жаздық. Жамбыл өңіріне белгілі ардагер-теміржолшы Махамғали Данаев – осы білім ордасының түлегі.**



**Асхат РАЙҚҰЛ,**
Жамбыл

Теміржолшылардың білім ошағын 1963 жылы бітіріп шыққан ардагер колледжде талай жыл дәріс берген, жұмысшы санатының білікті мамандарын дайындаған оқу орны жайлы әсерлі әңгіме өрбітті. «Мен жоғары санатты өндірістік шебермін. Электровоз машинисінің көмекшісі мамандығы бойынша топтарда оқу өндіріс шебері болып көп жылдар бойы осында еңбек еттім», – деген ақсақалдың айтуынша, оқу орны осыдан тоқсан жыл бұрын Түркістан-Сібір темір жолының құрылысы басталғанда, салаға сауатты мамандар дайындау мақсатында 1930 жылы фабрика-зауыттық оқыту мектебі (ФЗО) ретінде ашылған екен. Міне, қазіргі колледждің шежіресі сол тұстан тарқатылады.

«1940 жылы жаңағы мектептің базасында Жамбыл теміржол училищесі ірге қалады. Бұл оқиға сол кездегі Әулиеата тұрғындарына үлкен жаңалық болды. Көпшілік «Балаларымыз білім алады, теміржолшы болып пойыз айдайды» деп қуаныпты. Училище сол кезде-ақ теміржол саласы үшін аса қажет кадрларды әзірлей бастады, ұзақ жыл слесарьлар, паровозшылар, вагон қараушылар, құрал-жабдықтарды реттеуші, автоматшылар, слесарь-механиктер, жол бригадирлері мен жолсеріктер, т.т. дайындалып, бүкіл өңірдің теміржолшы кадрларына қажеттілікті жауып отырған», – деді ардагер.

Өз даму жылдарында теміржол училищесінің атауы кәсіби техникалық училище, кәсіби техникалық мектеп, кәсіби техникалық лицей, темір жол колледжі, ал осыдан үш жыл бұрын Тараз теміржол көлігі және коммуникация колледжі болып өзгерді.

Колледждің директоры Ұлжан Кенжебаеваның айтуына қарағанда, білім ордасынан ұзақ жылдар бойы теміржол саласына қатысты 40 мыңнан астам орта буын мамандары оқып шыққан екен. «Бүгінде колледжде 500-600 шамасында студент оқиды. Былтырғы оқу жылының соңында 254 түлегімізге жолдама берсек, биылғы оқу жылында 200 студентімізді шығарып салдық», – деген Ұлжан Қайыпбекқызы түлектердің дені теміржол саласына жұмысқа баратынын айтты.

Алайда, соңғы жылдары теміржолшы мамандығын алған түлектердің дені жұмыс таппай жүргені де жасырын емес екен. «Себебі, олар үшін бірден бір жұмыс орны «Қазақстан темір жолы» компаниясының жергілікті бөлімшелерінде жұмысшыларға қысқарту жүріп, одан қалды мораторий жарияланып, түлектеріміз екі қолға бір күрек таба алмай жүргені жанымызға батады», – дейді колледж басшысы.

*Суретті түсірген автор*

# БЕЙНЕТТІҢ ЗЕЙНЕТІН КӨРМЕК

ҚҰРМЕТ

**«Қызылорда-Теміржолсу» мекемесінде талай жыл су айдау сорғы станциясының машинисі болып абыройлы еңбек еткен Алмат Жаппасбаевты ұжым зейнет демалысына шығарып салды.**



**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**
Қызылорда

Мекеме бастығы Марат Шайжан «су жаңа» зейнеткердің иығына ұлттық шапан жауып, «қарттыққа басқан қадамыңыз құтты болсын» деген тілек білдірді. Алмат Балтабайұлы соңғы 15 жылда жердің астынан сорғымен су шығарып, оны құбырмен тарату станциясында еңбек еткен. Аса жауапты жұмыс және денсаулығына күтім жасауды қажет еткендіктен зейнет жасына келген соң демалысқа шығуға өзі өтініш білдірген көрінеді.

– Қызылорда қаласындағы құбырлы су айдау сорғы станциясының жұмысын жақсы игерген маман ретінде Алмат ағамыздың сіңірген еңбегі ерекше болды. Ол станцияның тынымсыз тіршілігімен қоса, сумен жабдықтау айлағының айналасының санитарлық, тазалық талаптарына сай болуын өзі қамтамасыз етумен бірге әріптестерінен де талап ете білетін кәсібіне берілген маман бола білді. Оның жұмысы сорғы құбырымен жер астынан тартылып алынған судың сапалы, таза әрі қалыпты жағдайда тұтынушыларға жеткізілуі үшін қызмет көрсету болса, ол оны кәсіби маман ретінде адал әрі тиянақты жасап, әріптестеріне үлгі-өнеге көрсете білді. Ұжым кәсіподағы мен мекеме басшылығы атынан оның еңбегіне алғыс білдірілген адресат, естелік сыйлық тарту етіп, құрметпен шығарып салып отырмыз. Бұдан бөлек зейнеткерге тиесілі қосымша төлемдер Ұжымдық шарт талаптарына сай төленеді, – деді кәсіподақ ұйымы төрайымы Ұлболсын Құсбаева.

*Суретті түсірген автор*

# РЮКЗАКИ В ПОДАРОК

АКЦИЯ

**Профкомы предприятий Актобинского отделения ГП по Уральскому региону ко Дню знаний вручили 28 детишкам из многодетных семей уральских железнодорожников красивые рюкзаки с наборами канцелярских товаров.**



**Анна МАРЬИНА,**
Уральск

Многодетным родителям, имеющим более трех детей школьного возраста, а также матерям-одиночкам, воспитывающим двух и более школьников, была оказана материальная помощь согласно Коллективному договору.

К сожалению, к 1 сентября Западно-Казахстанская область все еще оставалась в «красной» зоне по Covid-19, поэтому соблюдались все карантинные мероприятия и подарки от профсоюза детям передавали через родителей.

Профорг по Уральскому региону Едил Алыпсоков и председатели цехкомов Уральского локомотивного эксплуатационного депо Булат Журмухамбетов и Уральского эксплуатационного вагонного депо Махамбет Альменев подошли к заданию ответственно и индивидуально, с учетом возраста и потребностей учащихся.

*Фото автора*

# КОЛИЧЕСТВО ВАКЦИНИРОВАННЫХ РАСТЕТ

ВАКЦИНАЦИЯ

**Во всех регионах страны продолжается массовая вакцинация сотрудников АО «НК «ҚТЖ». Всего по данным на 10 сентября 2021 года укрепили свой иммунитет против Covid-19 более 86 тысяч железнодорожников.**

**Асель ШАЙХЫНОВА,**
Нур-Султан

Только за последнюю неделю привилось более 1000 работников стальной магистрали.

В целом, по компании общий процент получивших первый компонент составил 78,3 %, второй – 71,4%.

В первой пятерке лидеров в разрезе регионов - Кокшетау, Уральск, Кызылорда, Шымкент и Алматы.

Как отмечают железнодорожники, надо руководствоваться здравым смыслом и для каждого из них получение вакцины - осознанное решение. Ведь по мнению специалистов здравоохранения, только у вакцинированных от COVID-19 есть преимущество: вакцинированные лучше переносят лечение в случае заражения коронавирусом.

Так, эксперты отмечают, что организм вакцинированных пациентов лучше реагирует на иммуностимулирующие лекарства в случае болезни. По их словам, многочисленные исследования подтверждают благотворное влияние вакцинации при лекарственной терапии у заболевших.

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ
ҚАЗКӨЛІККӘСІП

Бас редактор
**Дина Муздубаева**

Бас редактордың орынбасары
**Меруерт Өмірзақова**

**Газет басылатын қалалар:**
Нұр-Сұлтан, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

**Басылымның таралымы 20 000**

**Газет сейсенбі,
жұма күндері шығады.**

Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады.
© «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.
Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
**Кезекші редакторлар:**
**Р. Рахметов, Р. Рахметова**

**Меншікті тілшілер:**
**Алматы:** Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
**Атырау:** Қосұйым Мұқашев 8-778-946-09-66
**Шымкент:** Жансая Сыдықбай 8-707-390-17-18
**Шығыс Қазақстан:** Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
**Жамбыл:** Асхат Райқұлов 8-700-330-01-53
**Маңғыстау:** Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
**Орал:** Анна Панищева 8-707-910-74-17
**Қызылорда:** Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59
**Семей:** Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
**Қарағанды:** Светлана Могай 8-777-893-66-76
**Қостанай:** Аслан Кудабаев 8-705-267-44-00
**Павлодар:** Айдана Ертай 8-747-535-21-58
**Ақтөбе:** Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97
**Көкшетау:** Надежда Новицкая 8-701-854-38-27

Редакцияның мекен-жайы:
Нұр-Сұлтан қ., Д.Қонаев көшесі 6.

**Газетті тарату жөніндегі менеджер
Асель Распаева,
тел.: 8 775 198 15 61,
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru**

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу куәлігі берілді.